Жалпы, 6-сабақта оқушылар өз талпыныстарында батылдық танытты. 1 кластерді қоспағанда, қолжазба деректер жиынын оқу, кескінді қорытындылау және шешім ағаштарымен оқу және болжау үшін дұрыс көрсеткіштер жоғары болды. Екінші жағынан, кейбір қиындықтарға байланысты нейрондық желілер, SVM және қолжазбаны тану үшін дұрыс жауаптардың жалпы пайызы төмен болғанын байқауға болады.

Жасыл түске боялған ұяшық дұрыс алынған жауаптардың жоғары пайызын, ал қызыл түс төмен пайызын білдіреді.

2 – кесте – Дұрыс жауап алуға жету ықтималдығын арттыру параметрлері

Жауап түрлері	№58 жалпы орта мектебі	№79 жалпы орта мектебі
Пернетақтаңыздың жазу жылдамдығы тез әлде баяу ма? - Көбіне баяу	53.4%	21.5%
(Бағдарламалауда тәжірибесі барлар үшін) қандай бағдарламалау тілін қолданғансыз? – Minecraft	45%	Жауап берілмеген
Қандай ақпараттық құрылғыларды пайдаланғансыз? – жеке планшетім	44.2	17.3
Пернетақтада қаншалықты жылдам жаза аласыз? – баяу	37	20
Қандай бағдарламалық жасақтаманы бұрын қолданғансыз? - Графикалық бағдарламалық қамтамасыз ету және сурет салуға арналған бағдарламалық қамтамасыз ету	32.1	10.6
Аптасына неше рет компьютерлі ойын ойнайсыз? – күнделікті	28.1	14.6
Программалау бойынша іс- тәжірибеңіз бар ма? – бар	27.1	17
Қандай компьютерлік бағдарламалау тілдерін қолданғансыз? – компьютерде теру бағдарламалық құралы, Электрондық кесте	24.8	22.9

аударылып ҚР Білім және ғылым министрінің «Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы да біршама іс-шаралардың атқарылып, мәселенің ғылыми тұрғыда зерттеле басталуына қарқын берді.

«Дуальді оқыту» деген ұғым алғаш рет Германияда 1960 жылғы кәсіптік білім беру туралы заңының енгізілуімен айналымға енген. Зерттеуші Ұ.М. Әбдіғапбарова өзінің «Дуальді оқыту жүйесінің қалыптасуы мен даму тарихының алғышарттары» деген мақаласында дуальді оқыту тарихы мен шетелдік және отандық тәжірибені саралап көрсеткен (Бұйрық, 2016: 50). Автор шетелдік тәжірибені елімізде табысты қолдану жолдарын көрсетеді. Дуальді білім беру жүйесі Германия, Австрия, Швейцария, Эстония секілді елдердің тәжірибесінде жақсы жолға қойылған. Қазақстанда да бұл модель техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары негізінде жүзеге асырылып келеді. Алайда, жоғары педагогикалық білім беру саласында, әсіресе бастауыш білім беру мамандарын даярлау бағытында бұл жүйенің әлеуеті толық пайдаланылып отырған жоқ (Сманова, 2024: 49-59). Қазіргі кезде дуальды білім беру бағдарламасы негізінде оқыту жүйесі элементтері Республикалық деңгейдегі барлық кәсіптік білім беру салаларында қолданылады (Нағыметбаева, 2019: 42).

Жалпы дуальді оқыту арқылы тек педагог кәсібилігін ғана арттырып қоймаймыз, елімізде осы бағыт жүзеге аса бастаса онда білім алушы жастардың тұрмыстық-әлеуметтік жағдайын да жақсартуға түсуге мүмкіндік туар еді. Оқу орны мен өндірістік кәсіпорынның күш-жігерін теңгерімді әрі үйлесімді түрде біріктіру білім беру сапасын арттыруға, сондай-ақ оқу бағдарламаларын жобалаудың эволюциялық тәсілін қалыптастыруға ықпал етеді. Дуальды оқытудың синергетикалық сипаты оның оқу процесін бастапқы кезеңінен-ақ оқу орнында немесе кәсіпорын базасында жүзеге асыра отырып, білім алушылардың әлеуметтік құзыреттіліктері мен кәсіби дағдыларын бір мезгілде дамытуға бағытталатындығымен ерекшеленеді. Бұл, өз кезегінде, білім алушылардың кәсіби бағдарын нақтылай түсіп, олардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін (employability) арттыруға септігін тигізеді. Мұндай тәсіл дәстүрлі университеттік білім беру моделінен өзгешеленеді.

Дуальды оқу бағдарламасын тиімді жүзеге асыру үшін арнайы жұмыс тобын құру қажет. Бұл топтың негізгі міндеттері оқу курсының дидактикалық мазмұнын жоспарлау, оны жүзеге асыру тетіктерін айқындау және оқыту үдерісінің барлық кезеңдерін ұйымдастыру. Еуропалық Одақ елдерінің (Германия, Австрия, Эстония және т.б.) тәжірибесі көрсеткендей, егер жұмыс тобына кәсіпорын өкілдері, салалық палата мен сауда-өнеркәсіптік ұйымдар, сондай-ақ университеттің бейінді мамандары бірлесе қатысса, мұндай модельдің тиімділігі айтарлықтай жоғары болады. Жұмыс тобының мүшелері интеграцияланған оқу бағдарламасының мазмұны мен құрылымы бойынша мақсатты келісімдерге қол жеткізіп, олардың нәтижелерін оқу орнына ұсынады. Өз кезегінде кәсіпорын осы бағдарламаны жүзеге асыру алаңы ретінде қызмет атқарады.

Бүгінгі күні білім беру мекемелерінде оқытуды ұйымдастыру мәселесі өндірістік және оқыту тұрғысынан неғұрлым жүйелі әрі нақты сипатқа ие. Елімізде білім беру жүйесінде, университеттер педагогтерді кәсіби дамыту мақсатында арнайы кафедралар, тренинг-орталықтар сынды құрылымдарды қалыптастырып отыр. Мұндай құрылымдарда жас мамандарды оқыту тәжірибесі мол әрі білім беру үдерісін жүзеге асыратын құзыретті тәлімгерлер шоғырланған. Осы дайын мамандарды дуальді оқытудың жұмыс тобына тарта отырып, оқыту үдерісіне құзыреттілікке негізделген көзқарасты толық енгізуге мүмкіндік бар деуге болады.

Материалдар мен негізгі әдістер.

Зерттеуге негізгі материалдар ретінде педагогтің тұлғалық және әлеуметтік, кәсіби маман ретінде қалыптасуы мәселесі қарастырылған психологиялық, педагогикалық ғылыми зерттеулер алынды. ҚР Білім және ғылым министрлігінің орта негізгі білім беру, жоғары кәсіптік білім беруді дамыту тұжырымдамалары, мемлекеттік бағдарламалары, нормативтік құжаттар педагог ғалымдардың ғылыми озық тәжірибелері қажетінше пайдаланылды. Ғылыми мақала жазу барысында жинақталған озық тәжірибелерді талдау; іс-әрекет нәтижелерін салыстырмалы талдау жасау; сауалнама, тестілеу жүргізу, диагностикалық, педагогикалық, түзетушілік әдістемелер, статистикалық өңдеу әдістері мен тәсілдері қолданылды.

Нәтижелер. Қазіргі білім беру жүйесіндегі инновациялық бағыттардың бірі – дуальді оқыту моделі. Бұл модель теориялық білім мен кәсіби тәжірибені ұштастыру арқылы болашақ мамандардың практикалық дағдыларын ерте кезеңнен қалыптастыруға бағытталған. Дуальді оқыту курсы – оқу орны мен өндірістік ұйым арасындағы өзара ықпалдастыққа негізделген интеграцияланған кәсіптік білім беру формасы. Бұл курс барысында студент жоғары оқу орнында теориялық білім алып қана қоймай, нақты кәсіпорында кәсіби тәжірибеден өтеді. Бұл жүйе дәстүрлі оқыту бағдарламаларынан өзінің қолданбалы сипатымен және оқу процесіне кәсіптік практиканың тікелей ендірілуімен ерекшеленеді. Бастауыш сынып мұғалімдерін дуальді форматта даярлау кезінде оқу мазмұны мен ұйымдастырылу құрылымы нақты кәсіптік тәжірибеге бағытталады. Университет пен базалық мектеп арасындағы келісімдер шеңберінде студенттер нақты педагогикалық жағдайларда өз қызметін жүзеге асырып, кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырады. Мұндай тәсіл оқу жоспары мен мектептегі практика арасындағы тығыз байланысты қамтамасыз етеді. Осы арқылы болашақ мұғалім теориялық білімді тәжірибемен ұштастыра отырып, кәсіби ортаға икемделеді.

Дуальді білім беру бағдарламалары, әдетте, жоғары білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде жүзеге асырылады. Мұндай жағдайда жоғары оқу орындарының академиялық еркіндігі мен басқарудағы автономдылығы сақталады. Бағдарлама мазмұнына қойылатын талаптар университет стандарттарына сәйкес реттеліп, педагогикалық практика кезеңдері білім беру мазмұнының ажырамас бөлігіне айналады. Сонымен қатар, оқу процесін

ұйымдастыру, оқу жоспарын үйлестіру, білім алушының жетістіктерін бағалау және университет пен мектеп арасындағы шарттық қатынастар секілді мәселелер оқу бағдарламасының аккредитациялық талаптарына сәйкес рәсімделеді. Ғалым А. Сманова да өзінің зерттеуінде кәсіби білім беру жүйесінің теориялық аспектісін саралай келе: «кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқыту – аксиологиялық (білім беру және өндірістік құндылықтар мен мақсаттардың теңдігі), онтологиялық (модульдік-құзыреттілік тәсіл), технологиялық (білім беру және кәсіби қызметті ұйымдастыру) үш әдіснамалық бірлік негізінде мамандар даярлаудағы білім беру және өндіріс салаларының өзара іс-қимылын үйлестіретін мақсатты кәсіптік оқытуды ұйымдастырудың инновациялық түрі» (Сманова, 2002: 4) деп түйіндейді. Ғалымның тұжырымды пікіріне қосыла отырып, білім алушылардың кәсіби маман ретінде қалыптасуының алғышарттары деуге болады.

Жалпы дуальді оқытудың алдымен қажетті мамандарға деген сұранысты болжау, кәсіби маман болуға талаптанған жастарды анықтау, кәсіптік біліктілікті бағалау, тәлімгерлерді қоса алғанда, педагог кадрларды даярлау жүйесі екендігін, сонымен бірге олардың біліктілігін арттыру мекемелерінің әрекеттестігін қамтамасыз ететін инфрақұрылымдық жүйе екенін де назарда ұстау керек. Бұл жүйенің қысқаша сипаты 1-кестеде көрсетілген.

Кесте – 1. Дуальді оқытудың қысқаша сипаты

Болашақ мұғалімдерді даярлаудағы дуальділік	кәсіби педагогикалық өндірістік салалардың өзара әрекеттестігі;
	бірыңғай әдіснамалық негіздерді кіріктіру;
	білім берудің әдіснамалық сипаттамасын жаңарту;
	оқытудың әртүрлі ұйымдастырушылық формасы.

Дуальді оқыту аясындағы кәсіптік тәжірибені жүзеге асырудың бірыңғай академиялық моделі қалыптаспаған. Бұл модель оқу орнының ішкі ерекшеліктері мен базалық мектептердің қажеттіліктеріне сәйкес жекелеген түрде ұйымдастырылады. Сол себепті, бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауға бағытталған дуальді бағдарламалар әр оқу орнында оқу жоспары мен серіктес мекемелердің сұраныстарына сай икемделіп, жаңаша педагогикалық тұжырымдармен дамытылып отырады.

Талқылау. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде сапалы кадрлар даярлау мәселесі ұлттық біліктілік және кәсіптік стандарттар негізінде түбегейлі жаңғыруды талап етуде. Елде білім беру сапасына қойылатын талаптардың артуы, жоғары оқу орындарының сапа кепілдігіне көшуі, үздіксіз көп деңгейлі білім беру жүйесінде (орта техникалық білім – бакалавриат – магистратура) құзыреттіліктерге негізделген интеграцияланған модель қалыптастыруды қажет етеді. Бұл үдеріс, әсіресе, бастауыш білім беру деңгейінде болашақ мұғалімдерді даярлау барысында айқын көрініс табуда. Мұндай модель оқыту мазмұнын жұмыс берушілердің талаптарына сәйкестендіріп, педагогикалық жоғары оқу орындары мен білім беру мекемелері арасындағы әлеуметтік әріптестікті нығайтуды көздейді. Нәтижесінде «оқу

орны – практика базасы (мектеп)» жүйесінде корпоративтік қоғамдастық өкілдерінің оқу бағдарламасын құрастыруға және оны жүзеге асыруға белсенді түрде қатысуы қамтамасыз етіледі. Бұл педагогикалық кадрларды даярлауда нарық сұранысына сай икемділік пен бейімделгіштік тетіктерінің енгізілуіне мүмкіндік береді. Дуалды жүйемен оқытудың дәстүрлі түрлері мен әдістері теория мен тәжірибенің арасындағы алшақтықты азайтатыны, дуалды жүйенің механизмінде маманның жеке тұлғасына әсер ету, болашақ маманның жаңа психологиясын қалыптастыру жатқандығы байқалады (Жұмыспен қамту 2020 жол картасы).

Дуалды жүйемен оқытылған түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші жоғары болады. Өйткені оқу барысында өндіріспен тығыз байланыста болған студент жұмыс берушінің талаптарынан қорытынды шығарып, тәжірибе жинақтайды (Сұлтанғали, 2019.). Дуальді оқыту технологиясы осы талаптарды жүзеге асырудың тиімді механизмі ретінде қарастырылады. Ол мамандарды кәсіби қызметке тікелей даярлау мақсатында әзірленіп, теория мен практиканы тығыз ұштастыруға бағытталады. Мұғалімдерді даярлау жүйесінде дуальді оқытудың енгізілуі жұмыс берушілердің түлектің құзыреттілік моделін бірлесе қалыптастыруына, педагогикалық кадрларды кәсіби ортаға бейімделген күйде дайындауына жағдай жасайды. Аталған модель дәстүрлі оқыту жүйелерінен өзінің мазмұндық бағыты мен икемділігі жағынан ерекшеленеді. Дуальді оқытуда студенттер педагогикалық практикаға оқу процесінің ерте кезеңдерінен бастап араласады. Олардың қызметі тек бақылау немесе көмекші деңгейде емес, нақты педагогикалық міндеттерді орындау арқылы жүзеге асады. Бұл болашақ мұғалімдердің кәсіби рефлексиясын, жауапкершілігін және шығармашылық әлеуетін дамытуға мүмкіндік береді (Әбдіғапбарова, 2018: 18).

Неміс ғалымдары өз зерттеулерінде кәсіптік білім берудегі дуальдік технологияларды барынша тиімді пайдалану жолдарын көрсеткен (Manfred, 1988: 53). Сонымен бірге неміс зерттеушілері білім алушылардың басты мотивациялары да маңызды екенін айтады (Holscher Dietrich Hilger, 1982:237).

Бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау барысында дуальді оқыту форматын қолдану – білім беру сапасын арттырудың, кәсіби құзыретті маман қалыптастырудың және білім беру мен еңбек нарығы арасындағы байланысты нығайтудың өзекті тетігі болады. 1-суретте жоғары білімнің дуальды моделін іске асырудың сәттілігінің негізгі факторлары келтірілген.



Сурет – 1. Жоғары білімнің дуальды моделін іске асырудың сәттілігінің негізгі факторлары

Зерттеу жұмысындағы негізгі ғылыми болжамымызға сәйкес дуальді оқыту кезінде болашақ педагогтердің кәсіби даярлығының үш құрамдас бөлігі болатыны айқындалды. Олар: психологиялық, теориялық, практикалық. Енді осы үш негізгі ғылым саласының ғылыми-теориялық тұжырымдарына сүйене отырып жасалған эксперименттік жұмыс нәтижелеріне назар аударсақ. Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің «5B010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша экспериментке жалпы – 110 студент қатысты. Эксперименттік топта – 56 студент, бақылау тобында – 54 студент болып бөлінді.

Эксперимент білім алушылардың болашақ мамандықтарының ерекшеліктерін жете түсініп, болашақта білікті маман болуға саналы түрде кірісуін анықтау және қазіргі білімдерін бағалау мақсатында жүзеге асты. Кәсіби табыстылық ұғымы қазіргі педагогикада білім алушының өзінің мамандығына деген қызығушылығы, кәсіптік шеберлігі мен еңбек нәтижесі арасындағы үйлесімділікті білдіреді десек, зерттеуде бұл ұғым бірнеше көрсеткіштер арқылы сипатталады.



Сурет – 2. Кәсіби табыстылық ұғымының көрсеткіштері

Берілген мақсаттарға сай екі топқа бөлінген студенттердің алдымен мамандыққа деген қызығушылықтары мен білім алу мотивтері тексерілді. Бұл сауалнамаға барлық 110 студент қатысты. Сауалнамада кәсіби бағдар, білім алу мақсаты, мұғалім мамандығына деген көзқарас, оқу барысындағы белсенділік пен болашаққа жоспарлары қамтылды.

Білім алушылардың сұрақтарға жауап берулеріне байланысты саралағанда 2-кестедегідей нәтиже көрсетті.

Кесте – 2. Білім алушылардың білім алу мақсаты

№	Көрсеткіштер	Эксперименттік топ (%)	Бақылау тобы (%)
1	Мамандыққа жоғары қызығушылық	34	29
2	Орташа қызығушылық	51	54
3	Төмен қызығушылық	15	17
4	Білім алу мотиві – ішкі	42	38
5	Білім алу мотиві – сыртқы	44	49
6	Анық емес немесе әлсіз мотив	14	13

Жоғарыда берілген кестеден көрініп тұрғандай, бастапқы кезеңде екі топ студенттерінің кәсіби қызығушылықтары мен уәждеме деңгейлері ұқсас болды. Бұл көрсеткіштер эксперимент басталғанға дейінгі жағдайды сипаттайды және екі топтың зерттеу үшін салыстырмалы түрде тең жағдайда екенін дәлелдейді. Келесі кезеңде дуальдік оқытуға тартылған эксперименттік топ студенттері өндірістік тәжірибемен ұштастырылған оқу жүйесімен білім алды. Жыл соңында осы екі топтың көрсеткіштері қайта салыстырылып, дуальдік жүйенің тиімділігі нақты деректермен дәлелденді.

Эксперименттік топтағы 56 студент аптасына 3 күн бойы арнайы кесте бойынша мектептегі сабақтарға тұрақты түрде қатысты. Ал бақылау тобындағы 54 студент мектепке тек практика уақытында ғана барды. Мектептегі тәжірибе аясында эксперимент тобындағы студенттер:

- Сабақтарға көмекші ретінде қатысып, мұғалімнің іс-тәжірибесін бақылады;
- Оқу үдерісін жоспарлауға араласты;
- Оқу-материалдық базамен, құжаттармен жұмыс жүргізді;
- Өзі шағын сабақ немесе сабақ элементтерін өткізуге мүмкіндік алды;
- Тәрбие жұмыстарына араласып, нақты педагогикалық міндеттерді орындады.

Кесте – 3.

№	Бағалау көрсеткіштері	Жоғары деңгей	Орта деңгей	Төмен деңгей
1	Педагогикалық білік-дағды	71%	26%	3%
2	Белсенділік пен жауапкершілік	75%	21%	4%
3	Сабаққа дайындалу және өткізу шеберлігі	64%	29%	7%
4	Мектеп ортасына бейімделуі	80%	17%	3%
5	Кәсіби өзін-өзі бағалау (рефлексия)	69%	25%	6%


Осыдан кейін студенттердің кәсіпке икемделулерінің сапалық бақылау нәтижелері сараланды. Онда олардың бақылау күнделігі, пікірлер, мұғалімдердің берген бағалары сараланды.

- Студенттердің 80%-ы өздігінен бастама көтеруге бейім;
- 67%-ы өз сабағын бағалау мен рефлексия жасауға қабілетті;
- 74%-ы нақты мұғалім рөліне ене алды және өз мамандығын саналы түрде таңдағанына сенімділік білдірді.

Кесте – 4. Екі топтың кәсіби дайындық деңгейінің салыстырмалы нәтижелері

№	Бағалау критерийлері	Эксперимент тобы (%)	Бақылау тобы (%)
1	Сабақ құрылымын жоспарлау	82% – жоғары деңгей	54% – жоғары деңгей
2	Сабақ өткізу және оқушылармен қарым-қатынас	78%	49%
3	Тәрбие жұмысын ұйымдастыра білу	74%	45%
4	Мұғалім кәсібіне қызығушылық, мотивация	68%	39%
5	Өзін-өзі кәсіби бағалау мен рефлексия	69%	41%
6	Мектеп ортасына бейімделуі	80%	47%

Бақылау, сұхбат, күнделік, портфолио бойынша білім алушылардың сапалық нәтижелері 3-суретте көрсетілді.



Сурет – 3. Сапалық сипаттама нәтижелері (бақылау, сұхбат, күнделік, портфолио)

Эксперименттік топтың кәсіби дайындық деңгейі барлық негізгі көрсеткіштер бойынша бақылау тобынан айтарлықтай жоғары болды. Бұл айырмашылықтың басты себебі – дуальдік оқыту барысында тұрақты мектеп практикасының болуы.

- Дуальдік бағдарлама студенттерге теорияны практикамен ұштастырып, кәсіби бейімделу мен педагогикалық рефлексия дағдыларын ерте кезеңнен дамытуға мүмкіндік береді.

- Ал бақылау тобында тәжірибенің қысқалығы кәсіби дағдылардың біртіндеп қалыптасуына кедергі келтірген.

Сондықтан, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда дуальдік

оқыту моделін кеңінен енгізу практикалық бағыттылықты күшейтетін маңызды тетік ретінде бағаланады.

Зерттеу қорытындысына сай дуальді білім беру жағдайында табыстылықты арттыру жолдары төмендегі 5-кестеде көрсетілгендей болып анықталды.

Кесте – 5. Бастауыш сынып мұғалімін даярлауда дуальді оқытудың келесі мүмкіндіктері

Бастауыш сынып мұғалімін даярлауда дуальді оқытудың келесі мүмкіндіктері	
Кәсіби практиканың ерте басталуы	Студенттер бірінші курстан бастап мектеп өміріне араласады, бұл олардың педагогтік қызметке икемделуін тездетеді.
Теория мен тәжірибенің үнемі байланыста болуы	Әрбір пәндік және әдістемелік курс мектеп тәжірибесімен ұштасып отырады.
Жұмыс берушінің білім беру бағдарламасына қатысуы	Мектеп мұғалімдері мен директорлары оқыту мазмұнын қалыптастыруға атсалысып, кәсіби стандарттарға сай маман даярлауға ықпал етеді.
Менторлық (тәлімгерлік) жүйе	Тәжірибелі педагогтер студенттерге бағыт-бағдар беріп, нақты әдістермен бөліседі.
Кәсіпке еркін бейімделу.	Түлектер оқу орны мен жұмыс орны арасындағы алшақтықты сезінбей, кәсіби қызметке дайын күйде шығады.
Кесте эксперименттік зерттеу қорытындысы негізінде жасалды.	

Қазіргі білім беру жүйесінде еңбек нарығының сұраныстарына жауап беретін, кәсіби құзыреттілігі қалыптасқан мамандарды даярлау өзекті мәселелердің біріне айналууда. Осы орайда, дуальді оқыту технологиясы – мамандарды практикалық кәсіби қызметке тікелей бағытталған даярлықтың тиімді формасы ретінде танылып отыр (Wiemann, 2020: 78). Бұл жүйе жұмыс берушілердің түлектің кәсіби құзыреттілік моделін әзірлеуіне және кадрларды даярлау үдерісіне тікелей қатысуына мүмкіндік береді. Дуальді оқыту жүйесінің басты ерекшелігі – білім беру ұйымы мен өндіріс орны арасындағы өзара ықпалдастыққа негізделе отырып, студенттердің теориялық білімін нақты өндірістік ортада бекітуге жағдай жасауы.

Елімізде де дуальді білім беру туралы көптеген зерттеулер жүргізіліп жатыр. Атап айтсақ, Э. Айтенованың «Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс әрекетке даярлығын қалыптастыру» (Айтенова, 2020: 197) тақырыбындағы диссертациясында біршама талдаулар жасалған. Онда дуальді технологияның дәстүрлі оқыту жүйесінен айырмашылығы – шаруашылық жүргізуші субъектілердің нақты өндірістік жағдайларына бағдарланған мазмұндық бағыт пен даярлық деңгейінің нақты талаптарға сәйкестендірілуі және жасалған көптеген эксперименттер туралы айтылады. болашақ дуальды оқыту жағдайында болашақ мамандарды кәсіби бейімдеудің әдіснамалық,

педагогикалық бағдарлары айқындалып және дуальды оқыту жүйесінде кәсіби бейімдеудің практикаға-бағдарланған моделі жасалып, оны тиімді іске асырудың педагогикалық шарттары анықталып, әдістер ұсынылса, онда, болашақ педагогтарды дуалды білім беру жағдайында кәсіби бейімдеу үдерісі тиімді жүзеге асады, өйткені болашақ мамандардың кәсіби бейімделу

деңгейін жоғарылату қоғам талабы (Мәмедов: 2019, 85). Білім беру процесінің мазмұны нақты еңбек нарығының қажеттіліктеріне сай қалыптастырылып, болашақ мамандардың кәсіби бейімделуі мен жұмысқа орналасу мүмкіндігінің арттырылуы дуальдік оқыту технологиясымен байланысты. Опыт использования дуальной системы обучения показывает следующие преимущества этой системы по сравнению с традиционной:

- дуальная система подготовки специалистов устраняет основной недостаток традиционных форм и методов обучения - разрыв между теорией и практикой;
- в механизме дуальной системы подготовки заложено воздействие на личность специалиста, создание новой психологии будущего работника;
- дуальная система обучения специалистов создает высокую мотивацию получения знаний и приобретения навыков в работе, т.к. качество их знаний напрямую связано с выполнением служебных обязанностей на рабочих местах;
- заинтересованность руководителей соответствующих учреждений в практическом обучении своего работника;
- учебное заведение, работающее в тесном контакте с заказчиком, учитывает требования, предъявляемые к будущим специалистам в ходе обучения;
- дуальная система обучения может широко использоваться в профессиональном обучении Казахстана в ближайшие годы (Усенова, 2014: 72).

Қорытынды.

Қазақстан Республикасында дуальді білім беру жүйесін енгізу және дамыту үдерісі кәсіби мамандарды даярлаудың сапасын арттыруға бағытталған маңызды стратегиялық қадам болып отыр. Алайда бұл жүйе өз дамуында бірқатар ұйымдастырушылық-құқықтық сипаттағы мәселелермен ұштасып келеді. Атап айтқанда, бастауыш сынып мұғалімдерін дуальді форматта даярлау тәжірибесінде студенттердің құқықтық қорғалу деңгейі, әлеуметтік кепілдіктер және шарттық міндеттемелерді нақтылау қажеттігі алдыңғы қатарлы мәселелер ретінде айқындалып отыр. Бірінші кезекте, дуальді бағдарламалар бойынша білім алушылардың оқу кезеңінде жеткілікті деңгейде қаржылай қамтамасыз етілуі өзекті мәселе. Дуальді оқытудың мәні студенттің теориялық оқумен қатар кәсіби тәжірибе жинақтауына негізделетіндіктен, оның өндірістік іс-әрекеті нақты еңбек шығынын талап етеді. Сондықтан студенттің атқаратын қызметіне сәйкес жалақы немесе стипендиялық төлемнің заңнамалық тұрғыдан кепілдендірілген тәртіпте белгіленуі қажет. Бұл мәселені шешудің тиімді жолы ретінде оқу кезеңіндегі төлем шарттарын және төленетін жұмыс күндерінің санын нақтылайтын құқықтық базаны қалыптастыру ұсынылады.

Екіншіден, дуальді оқыту туралы шарттарда түлектің оқуын аяқтағаннан кейін серіктес мекемеде белгілі бір мерзімде жұмыс істеу мүмкіндігі немесе кепілдігі көзделуі қажет. Бұл – жұмыс беруші мен білім алушы арасындағы екіжақты жауапкершілік қағидатына негізделген механизмді іске асырудың бір жолы. Мұндай тәжірибе түлектің еңбек нарығына бейімделуін жеңілдетіп, жас маманның кәсіби әлеуетін толық ашуға жағдай жасайды.

Үшіншіден, дуальді білім беру жүйесінде студенттің дипломдық жобасын

серіктестік ұйым базасында орындауы маңызды. Бұл тек ғылыми-зерттеу дағдыларын дамыту ғана емес, нақты мектеп тәжірибесіне негізделген мәселені шешуге бағытталған практикалық зерттеу жүргізуге мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, студентке диплом алдындағы кезеңде жеткілікті уақыт пен ресурстық қолдау қамтамасыз етілуі тиіс. Бұл шарт дуальді оқытудың тиімділігін арттырып, оқу мен практика арасындағы байланысты нығайтады.

Төртіншіден, дуальді форматтағы оқытуды реттейтін келісімшарттарда форс-мажорлық жағдайларға байланысты оқу процесін аяқтау мүмкіндігін қамтамасыз ететін нақты тетіктер қарастырылуы тиіс. Мұндай жағдайда оқу процесін қайта ұйымдастыру тәртібі, жауапты тұлғалар және студенттің мүддесін қорғау жолдары анық түрде көрсетілуі қажет. Бұл – білім алушының құқықтық және академиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің бірден-бір жолы.

Бесіншіден, дуальді оқыту туралы шарттардың іске асырылуына жүйелі мониторинг жүргізу қажет. Мониторинг оқу бағдарламасының барлық кезеңдерінде – жоспарлау, жүзеге асыру және бағалау сатыларында жүргізілуі керек. Бұл ретте мақсатты топтарды (студенттер, оқытушылар, серіктес мектеп өкілдері) және мүдделі тараптарды нақтылау, сонымен қатар мониторинг нәтижелерінің кім үшін және қандай мақсатта пайдаланылатынын анықтау маңызды. Мониторинг барысында дуальді білім беру жүйесінің даму үрдістерін, тиімділігі мен проблемалық тұстарын айқындауға мүмкіндік беретін көрсеткіштер мен құралдарды қолдану қажеттігі туындайды.

Қорыта келе, бастауыш сынып мұғалімдерін дуальді форматта даярлау кезінде заңнамалық реттеу, әлеуметтік әріптестік және мониторинг жүйесін жетілдіру – білім беру сапасының артуына және жас мамандардың кәсіби табыстылығына қол жеткізудің негізгі алғышарттары болып саналады деген түйін жасалды.

Әдебиеттер

ҚР педагог стандарты 8 маусым 2017 жылғы, №133 бұйрық. — 106 б.

ҚР Білім туралы Заңы 2016 ж. 7- тарау 50-51 баптары.

Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 бұйрығы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013422> (қаралды: 17.04.2025).

Сманова А., Сарыбекова К., Айтенова Е., Сарыбекова З., & Кошимбетова С. (2024) Дуальді оқыту негізінде болашақ педагогтарды кәсіби даярлаудың маңызы (Германия мен Қазақстан тәжірибесі). Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Педагогика. Психология. Социология сериясы, 149(4). — Р. 49-59.

Нағыметбаева Ж.Ф., Диуанова Р.К. Кәсіптік білім беру саласын индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасына сай жетілдіруде дуальды оқытудың негізгі ерекшеліктері. НАУЧНО-ИЗДАТЕЛЬСКИЙ ЦЕНТР "МИР НАУКИ". 19.03.2019 http://science-peace.ru/files/INP_2019.pdf#page=38.

Сманова А.А. Кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытудың дамуы (Германия және Қазақстан тәжірибесі): док. филос. PhD. ... дис. – Алматы, 2002. — 195 б.

Сұлтанғали А. Дуалды оқыту жүйесі қалай дамып жатыр? Егемен Қазақстан Республикалық газеті. <https://egemen.kz/article/285594-dualdy-oqytu-dguyesi-qalay-damyp-dgatyr>.

Жұмыспен қамту 2020 жол картасы, Қазақстан Республикасы Үкіметі 2013 жыл 19 маусым. Әбдіғапбарова Ұ.М. Дуальді оқыту жүйесінің қалыптасуы мен даму тарихының

алғышарттары. Вестник КазНПУ имени Абая. Серия «Педагогика», Алматы, 2018. – №1(57). — С. 17-21.

Kaiser Manfred. Schlüsselqualifikationen - Bausteine für die Berufsausbildung. In: Verband der Lehrer an beruflichen Schulen in NW (Hg.), Berufsbildung morgen – Leitlinien für ein zeitgemässes Bildungskonzept. Konsequenzen aus technologisch-ökonomischen Wandel und Leistungsfähigkeit beruflicher Schulen, Frankfurt, 1988. — P. 53-73.

Holscher Lucian. Dietrich Hilger, Art. «Industrie, Gewerbe». In: Brunner, Otto, u.a. (Hg.). Geschichtliche Grundbegriffe, Stuttgart, 1982. — Bd. 3. — P. 237-304.

Wiemann C., International handbook of vocational education and training –Mexico, Issue 53, Vol. 26, Federal Institute for Vocational Education and Training, Bonn, 2020. — P.78-88.

Айтенова Э. 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазған «Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсібі іс әрекетке даярлығын қалыптастыру» диссертациясы, Алматы. 2020. — 197 б.

Мәмедов Р. Дуальді білім беру жағдайында болашақ мамандардың кәсібі бейімделу ерекшеліктері. Қазақстанның ғылымы мен өмірі. — №1(73). 2019. — Б. 85-89.

Усенова А.К. Дуальное обучение как эффективный способ подготовки кадров в казахстане. I.Жансүгіров атындағы ЖМУ ХАБАРШЫСЫ, Талдықурган, 2014. — № 2-3 . — С.72

References

QR pedagog standarty [Teacher standard of the Republic of Kazakhstan] 8 mausym 2017 jylǵy, №133 bұıryq. — 106 b. (in Kazakh).

QR Bılıм turaly Zańy [Law of the Republic of Kazakhstan on Education] 2016 j. 7- tarau 50-51 bapı. (in Kazakh).

Duǵdy oqıtudy üıymdastıru qaǵıdalaryn bekıtu turaly Qazaqstan Respublikasy Bılıм және ǵylym ministrınıń 2016 jylǵy 21 qańtardaǵy № 50 bұıryǵy. [Order No. 50 of the Minister of Education and Science of the Republic of Kazakhstan dated January 21, 2016, on approval of the principles of organizing dual education.] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013422> (qaraldy: 17.04.2025) (in Kazakh).

Smanova A., Sarybekova K., Aitenova E., Sarybekova Z., & Koşimbetova S. (2024). Duǵldı oqıtu negızinde bolaşaq pedagogıardy kásıbı daıarlaudyń mańyzy (Germania men Qazaqstan tájıribesı). [The importance of professional training of future teachers based on dual education] L.N. Gumilev atyndaǵy Eurazia últtyq universitetınıń habarşysy. Pedagogika. Psihologiya. Sociologia seriasy, 149(4). — P. 49-59 (in Kazakh).

Naǵymetbaeva J.Ǵ., Diuanova R.K. Kásıptık bılıм beru salasyn industrialdyq-innovasialyq damu baǵdarlamasyna saı jetildirude duǵdy oqıtudyń negızǵı erekşelikterı [The main features of dual training in improving the field of vocational education in accordance with the industrial and innovative development program] NAUCHNO-İZDATELSKİ SENTER "MİR NAUKİ". 19.03.2019 http://science-peace.ru/files/INP_2019.pdf#page=38 (in Kazakh).

Smanova A.A. Kásıbı bılıм beru júıesindeǵı duǵldı oqıtudyń damuy [Development of dual training in the vocational education system] (Germania және Qazaqstan tájıribesı): dok. filos. PhD. ... dis. — Almaty, 2002. — 195 b. (in Kazakh).

Súltanǵalı A. Dualdy oqıtu júıesı qalayı damyp jatyr? [How is the dual education system developing?] Gegemen Qazaqstan Respublikalyq gazetı. <https://egemen.kz/article/285594-dualdy-oqıtu-dguyesi-qalayı-damyp-dgatyr>. (in Kazakh).

Júmıspen qamtu 2020 jol kartasy, [Employment Roadmap 2020] Qazaqstan Respublikasy Ükımeti 2013 jyl 19 mausym.

Äbdıǵapbarova Ü.M. Duǵldı oqıtu júıesınıń qalıptasuy men damu tariyhınıń alǵysartıary [Prerequisites for the formation and development history of the dual education system]. Vestnik KazNPU imeni Abaia. Seria «Pedagogika». — Almaty, 2018. — №1(57). — P. 17-21. (in Kazakh).

Kaiser Manfred. Schlüsselqualifikationen - Bausteine für die Berufsausbildung / In: Verband der Lehrer an beruflichen Schulen in NW (Hg.), Berufsbildung morgen – Leitlinien für ein zeitgemässes

Bildungskonzept. Konsequenzen aus technnollogisch-ökonomischen Wandel und Leistungsfähigkeit beruflicher Schulen. – Frankfurt, 1988. — P. 53-73. (in English).

Holscher Lucian. Dietrich Hilger, Art. «Industrie, Gewerbe». In: Brunner, Otto, u.a. (Hg.). Geschichtliche, Grundbegriffe. — Stuttgart, 1982. — 3. — P. 237 304. (in English).

Wiemann, C., International handbook of vocational education and training –Mexico, Issue 53, Vol. 26, Federal Institute for Vocational Education and Training, Bonn, 2020. — P.78-88. (in English).

Aitenova E. 6D010300 – Pedagogika jäne psihologia» mamandyğy boıynşa filosofia doktory (PhD) дәrejesın alu üşın jazğan «Duǵaldı-bağdarlyq oqytu jaғдайында bolaşaq pedagogtardyñ kásıby is әreketke daıarlyğyn qalyptastyru» [Formation of professional readiness of future teachers in the context of dual-oriented education] disertasiyasy, Almaty, 2020. — P. 197 (in Kazakh).

Mämedov R. Duǵaldı bılıм beru jaғдайында bolaşaq mamandardyñ kásıby beıımdelu erekшелikteri. [Features of professional adaptation of future specialists in the context of dual education] Qazaqstannyñ ғыlymy men ömiri. — №1(73), 2019. — P. 85-89. (in Kazakh).

Usenova A.K. Duǵlnoe obuchenie kak effektivnyi sposob podgotovki kadrov v kazahstane [Dual training as an effective way of training personnel in Kazakhstan]. I.Jansügirov atyndağy JMU HABARŞYSY, Talдықurgan, 2014. — № 2-3 . — P. 72. (in Russian).

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the «Central Asian Academic Research Center» LLP (Almaty)

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the work described has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the originality detection service Cross Check <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

[www: nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

ISSN 2518–1467 (Online),

ISSN 1991–3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en>

Директор отдела издания научных журналов НАН РК *А. Ботанқызы*

Редакторы: *Д.С. Аленов, Ж.Ш. Әден*

Верстка на компьютере *Г.Д. Жадыранова*

Подписано в печать 25.08.2025.

Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать - ризограф.

37,0 п.л. Тираж 300. Заказ 4.